

**ӘЛЕМДІК
АСТАНАЛАРДЫҢ
МӘДЕНИ ДАМУЫН
КОМПАРАТИВИСТІК
ТАЛДАУ**

Қазіргі әлеуметтік және мәдени орталар жаһандық өзгерістерге ұшырап отыр. Қалалар кеңістікті саяси, әкімшілік, экономикалық және әлеуметтік жағынан ұйымдастырып отырады. Қала әрқашанда мәдениетті нақтылы түрде көрсететін орта. Өртүрлі қауымдастық пен.

Мәдениеттанулық бағыт (Л.Мамфорд, К. Линч, М.Вебер, А.С. Кармин) қаланы еркін, теңқұқылы жерді басқарушы адамның қауымдастығы және субмәдениетті біріктіруші социум ретінде қарастырады. Тарихи тұрғыдан алсақ, қалалар – құндылықтар, байлық, билік, білімнің ортасы.

Мәдениеттанушылардың ойынша, қалалардағы өмірдің негізгі ерекшелігі кеңістік пен уақытты адамның қарқынды түрде меңгеруі. Қалалық орта – жасанды. Оның барлық компоненттері адам кеңістігінде жасалған [1].

Қалалық кеңістіктің символикалық ерекшелігі болады, әр қаланың өзіндік тілі бар. Архитектуралық – эстетикалық бағытта (В.Л. Глазычев, А.В. Иконников, Д.С. Лихачев, К. Линч) қалаларды материалдық және рухани құндылықтардың әлемі ретінде түсіндіреді.

И.М. Гревс, Н.П. Анциферов, М.С. Каганның теоретикалық зерттеулерінде қаланы тарихи, әлеуметтік және мәдени феномен ретінде қарастырады.

XX ғасырдың басында И.М. Гревс «қаланың тек әдемі тәнін бейнелеу ғана емес, тірі жанын сезіну қажет. «Қаланың жанын» түсіну дегеніміз мәдени кеңістігіне ене отырып, онымен терең жан-жақты әрекет ету» деп қаланы мәдени орта ретінде көрсетеді.

Қала мәдениетін зерттеудегі тағы бір ірі тұлға неміс әлеуметтанушысы Георг Зиммель урбанизмді қазіргі заманның тәжірибесі ретінде қарастырады. Зиммель «астаналық индивидуалдылықты» түсінуге тырысты және соған әсер етуші ішкі және сыртқы факторалды анықтағысы келеді. Оның айтуынша, қалалық адамның психикалық өмірі (мәдениеті) көпжақты әртүрлілікпен күресуден туындайды. Бұл міндетті түрде жағымсыз нәрсемен емес. Керісінше, қала еркіндік алуға да жол ашады [2].

Зиммель мен Вирттің қала мәдениеті туралы келтірілген маңызды аспектілері екі түрлі. Бірақ жалпы қала мәдениетінің белгілерін анықтайды. Олардың мақсаты қала теориясын универсалдау еді [3].

Мәдениеттің қоғам, мемлекет, қала дамуындағы рөлі ерекше. Себебі, әр қала өзінің ментальдық, бейнелік, символикалық, яғни мәдени мәнділігі арқылы ерекшеленеді. Қазіргі жаһандық, жоғары деңгейдегі өркениеттік дамудың дәуірінде әр елдің экономикалық дамуы жағдайында, халықаралық дәрежені көтеруде мәдениеттің рөлі зор. «Мәдениет», «қала», «қоғам» түсініктері бір-бірімен тығыз байланысты.

«Мәдениет» – «өнер әлемі», «ағартушылық зерде болмысы», қоғамның өмір сүру түрі, қоғамдық өмірдің бір бөлігі ретінде түсіндіріледі (Williams 2000). Грэм Эванстың «Мәдени жоспарлау: қала ренессансы» кітабы (Evans 2001), Чарльз Лэндри «Креативті қала: қалалық инноваторлар үшін аспаптар» (Landry 2001), Ричард Флорида «Креативті кластың өрлеуі және оның еңбек, ойын-сауық және қоғамның күнделікті өмірін өзгертуі» (Florida 2005) [4], еңбектерінде қаланың әлеуметтік жақтарын тұжырымдамалап, аналитикалық жағынан зерттеп, талдау жасайды. Жоғарыда көрсетілген зерттеулерге түрткі болған жаһандану процесі аясындағы қалалардың даму тенденцияларының өзектілігі.

Мәдениет қазір қалалық саясатта басты орынға ие. Еуропалық Одақ және ЮНЕСКО қала дамуында мәдениетті пайдалануды қолға алып отыр. Еуропа, Австралия, Азия және Солтүстік Американы алып қарасақ, қала мәдениетін қалалық стратегиялық жұмыстарда, ұлттық және халықаралық контекстерде қолданған.

Ірі мегаполистердегі қала мәдениетін зерттеу орталығы World Cities Culture Report [5]

мәдениет инфрақұрылымын ресми, яғни институционалды, және бейресми (арнайы институтқа бекітілмеген) деп екіге бөледі. Мәдениет арнайы инфрақұрылым (мәдениет мекемелері, суретшілер, әртістер, мәдени шаралар және т.с.с.) арқылы жасалады.

Қалаларда инфрақұрылымның дамуы, символикалық маңыздылығы, экожүйе және мәдени әмбебаптылығының өсуі маңызды. Қалалардың пайда болуы коммуникацияның жаңа механизмдері мен құрылымдарының (жазба, архитектоника, мәдени-тарихи өнімдерді) өмірге алып келеді. ХХІ ғасыр зерттеушілері қазіргі қалаларды – жаңа жаһандық күштер мен экономиканың, саясат пен биліктің, білім мен дәстүрлердің арасындағы қақтығыстардың жиналған жері деп есептейді. Мәдени-шығармашылық инфрақұрылымның дамуы қазіргі «креативті қалалардың» (Florida 2005) сапалы өмір сүру жүйесіне алып келді.

Қала – шексіз коммуникативтік кеңістік, қарым-қатынас аймағы. Хосе-ортега-и-Гассет «қала халық жиналатын алаңнан басталады» деген. Қала – мәдени ақпаратты сақтау мен ақпаратты тасымалдаудың ең тиімді ордасы. Қаладағы мұражайлар, кітапханалар, театрлар, университеттер – ақпарат тасымалдау мен сақтау рөлін атқарып отырады.

Бұрынғы қала өндірістік өнімді әлемге таратумен айналысатын болса, бүгінгі қала – ғылым-білім, технология орталығы (Кесте 1). Бүгінгі қалаға өркениеттілік, жаңа технология, кәсібилік, маманданғандық, индивидуализм тән.

Кесте 1. Әлем қалаларының функционалды ерекшелігі мен тарихи дамуы, қазіргі қала сипаттары.



Соңғы статистикалық зерттеулерге сүйенетін болсақ, әлем тұрғындарының 50%-нан көбісі қалаларда өмір сүріп отыр. БҰҰ және

ЭЫДҰ жобалауынша, 2050 жылға қарай дүниежүзі бойынша қала тұрғындарының саны 70-80%-ға жетуі мүмкін. Қалалар инновациялық

жобалардың өмірге келу алаңына айналып отыр.

Қалалар тарихта маңызды орын алып отыр. «Барлық жолдар қалаға бет бұрады, қалалар – кездесу орталықтары, экономикалық және әлеуметтік процестердің тоғысқан жері»[6] деп Н.П. Анциферов зерттеу тақырыбына сай «Қала туралы кітабында» қала болмысын ашып өтеді. Қалалар – адам қызметінің, өнердің, материалды және рухани мәдениеттің ортасы. Бүгінгі таңда көптеген ғылымдардың зерттеу объектісіне айналып отыр. Э.В.Сайко қала туралы зерттеуді гуманитарлы бағытқа жатқызады. Себебі, қаланың құрылуы тарихи қиын жолдардан өтті, сонымен қатар шығармаларда әртүрлі стильдер өмірге келді [7].

Ежелгі қалалардағы (Ежелгі Афины мен көне Рим) театр, храм, кітапханалар (кейінгі мұражайлар), сондай-ақ моншалардың болуы, сол қалаларды мәдени орталық ретінде танытты. Ал кеңестік қалалар үшін «мәдениет сарайлары» мәдени орталық ретінде саналды.

Қазіргі заманғы қалалардың мәдени кеңістігін қалыптастыру мәдени саясат дискурсымен тығыз байланысты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін еуропа елдерінде бірінші кезекті мәдениет орталықтарын қаражаттандырды. Өнер жоғары бағаланып, мәдениет орталықтарына толық қолжетімділік қамтамасыз етілді. Мәдени саясат арнайы білім бағдарламалар, мұражайларға тегін кіру, теле және радиоағы мәдени бағдарламалардың таралуы сияқты мәдени аймақты дамыту үрдісі ұзақ уақытқа дейін созылды (Матарассо, Лэндри 2002) [8].

Вальтер Беньямин – XX ғасырда қала туралы жазған белгілі авторлардың бірі. Ол қалалық өмірдің театр мен спектакльге ұқсастығын айтып өтеді. **Беньямин Париж, Берлин, Марсель, Неаполь және Мәскеуге сипаттама беріп кетеді.** Ол Берлин қаласындағы саябақтар, кафе, көшелер мен аудандарда – өмірінің өткен шағын бейнелейтін **қойылымдарға айналғандығын** айтады.

Қала кеңістігіне семиотикасын зерттеуші Лотман қалаларды эксцентristік және концентristік деп бөліп қарастырады. Петербург «эксцентristік қала», себебі табиғи құбылыстарға қарама-қайшы. Ол теңіз жағалауында орналасқан. Табиғатпен күрестен туындаған қала. Эсхатологиялық мифтермен байытылған. Лотманның айтуынша, қала – өзінің «эксцентristілігін» тапқан әртүрлі мәдени және геосаяси қақтығыстар, спектакль, театральды қойылым алаңы секілді [9, 39-40]. Эксцентristік қалаға

қарсы концентristік қала – елдің ішінде орналасқан қала, мысалы, Рим (концентristік қала) - жер мен аспанды байланыстырушы «мәңгі қала» [9, 30].

Қала зерттеулерінде ел астаналарының рөлі ерекше. Бүгінгі таңда нақты бір астаналар тарихы және архитектурасына арналған жазбалар көп, бірақ дәл елордалық қалаларға арналған теоретикалық мәтіндердің библиографиялық тізімі қысқа. Елордалық өмірдің әртүрлі жақтары әртүрлі пәндер арқылы: архитектор, тарихшы, саясаттанушы, қаланы жоспарлау бойынша мамандармен және әлеуметтанушылармен меңгерілген. Осы жұмыстардың барлығы елордалық қалалардың түрлі аспектілерін қарастырады, алайда астаналардың дамуы туралы біржақты, нақты тұжырымдалған теория жоқ.

Астаналар көбінесе жеке әкімшілік орталық ретінде қарастырылады. Алайда астана – ұлттық идеологияның символикалық көрінісі, мемлекеттің урбанизацияға деген қатынасының бейнесі, елдің экономикалық дамуының катализаторы және тарихи жағынан алғанда, әртүрлі жергілікті мәдениеттер арасындағы байланыстырушы және ұлттық мемлекеттің «ой-сана қауымдастығы».

XIX ғасырдың ортасынан бастап географтардың астаналарды зерттеуге қызығушылықтары артты. Соның ішінде бірінші болып неміс географы И. Коль өзінің «Еуропа астаналарының географиялық жағдайы» атты еңбегінде барлық еуропа астаналарының географиялық жағдайларына баға беріп өтті.

Американдық урбанист Скот Кэмбелл (2013) елордалық қалалардың елордалық емес қалалардан айырмашылығын, астаналардың ерекшелігіне былай талдау жасайды: «Елорда – үкімет орналасқан, басқарушы елдің өмір сүруі мен келешегіне қатысты шешімдердің қабылданатын жері. Елорда статусы қалаға ұзақ уақыт бойы қауіпсіз әрі нәтижелі шешім қабылдау үшін қолайлы орынды толыққанды қамтамасыз етеді» [10].

Бүгінгі уақытта еуропалық 20 қалаға «мәдени астана» (Афины (1985), Флоренция (1986), Амстердам (1987), Берлин (1988), Париж (1989), Глазго (1990), Дублин (1991), Мадрид (1992), Антверпен (1993) және т.б.) атағы берілген. Бұл қалалардың әрқайсысының өзіндік даму бағыты, мақсаты бар.

«Мәдени астана» бағдарламасы – әдемі қалалар арасындағы жарыс түрі ғана емес, мәдениетті қолдану және мәдениеттің маңыздылығын жариялау мүмкіндігі. Осы бағдарлама арқылы

қалалардың мәдени, әлеуметтік және экономикалық дамуға ықпалы айқындалады.

Осындай еуропалық тәжірибе дүниежүзіне жайылып, 2005 жылы қазанда Афиныда «Мәдени астана» бағдарламасының 20 жылдық тарихына арналған конгресс өтеді [11].

XX ғасырдың 90 жылдары осы бағдарламаға сәйкес жобалар өмірге келді: Араб мәдени астанасы, Американың мәдени астанасы [12]. Сонымен қатар Ресей Федерациясының мәдени саясат аясында «Мәдени астана» бағдарламасы бойынша мәдени алмасу жобалары жүзеге асып отыр.

«Мәдени астана» жобасы әлем бойынша орын алып отыр. Жаһандану үрдісінде бұл жобаның өзектілігі артып отыр. Себебі, мәдени құндылықтарды, ұлттық мәдениетті мәдени астана арқылы көрсету мәдени идентификацияны қалыптастырып, мәдени аралық кеңістікті халықаралық деңгейге кеңейтеді. Мәдени астана статусы – туризм саласының дамуына да көп көңіл бөледі.

Рудан (2010) мәдениет пен туризмнің бір-бірімен тығыз байланысты екенін айтады [13]. Сонымен қоса, Масиокко мен Серрели [14, 138] мәдени туризмнің жергілікті мәдениетке кері әсерінің бар екенін айтты. Яғни, туризм жергілікті мәдени мұраның өзіндік болмысының жойылуына да алып келеді. Ал басқа авторлар мәдениет пен өнердің қаладағы туризмнің дамуындағы ролін анықтағысы келді. Law [15]: «музейлер, көркемдік галереялар, мәдени мұра, арнайы мерекелік шаралар, өнер фестивальдары – мәдени туризм мен мәдени қала терминдері» деп жазды.

Брысоулис пен Страатен (2000) [16], Чавла (2006) [17] мәдениет пен өнердің қаланың дамуындағы маңыздылығын айтты.

Дүниежүзілік тәжірибеге сүйенсек, қаланың мәдени-шығармашылық секторын сауатты қолданған орталық жақсы көрсеткіштерге ие болады:

- сапалы инфрақұрылымды жасау;
- қалаға инвестиция тарту процесінің дамуы;
- тұрғындардың көз алдында қала имиджінің түбегейлі өзгеруі;
- жоғары білікті мамандар санының көбеюі.

Мемлекет астанасы – елдің ең ірі қаласы. Мемлекеттер астаналарында билік пен басқарудың жоғарғы органдары орналасқан. Мемлекет астаналарын компаративистикалық талдауда [18] тек салыстырмалы талдау жеткілікті емес. Әлемдік қалалардың мәдени дамуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтап,

астаналар мәдениетінің дамуындағы ортақ мәселелерді ашып алу қажет.

Елордалық қалалардың көптүрлі типтері бар. Классикалық елордалық қалаларға жататын – Лондон мен Париж: қуатты үкіметі бар, бұрынғы колониалды империялардың астаналары, айқын көрініске ие архитектурасы бар көпғасырлық орталықтар. Оттава немесе Канберра – қуатты елдердің қарапайым әкімшілік орталықтары. Монтевидео немесе Джакарта – әлсіз елдердің беделді қалалары. Вашингтон мен Берлин – қарама-қайшылықты сипаттағы гибридік астаналар. Астаналардың параметрлерін салыстырмалы түрде қарасақ, Берн мен Мехико көлемі жағынан, Пекин мен Дублин демографиялық жағдайымен, Оттава мен Сингапур географиялық көлемі жағынан бір-біріне қарама-қарсы.

Саяси сипаттамасы жағынан демократиялық Стокгольм мен оған қарама-қарсы үкімет түрі империялық Эр-Рияда, немесе коммунистік Пхеньян; Францияның орталықтанған Парижін Швейцарияның орталықсызданған Бернмен салыстыруға болады. Қаланың елордаға айналу тарихы белгілі рөлді атқарады. Мысалға, тарихи, империялық елорда Лондонды Бразилиамен салыстыруға болады. Әуел бастан астана ретінде қалыптасып, бүгінгі уақытқа дейін елордасы ретінде қызмет атқарып отырған Лондон мен Парижді ауыстырылған ел астаналары **Бонн, Канберра, Бразилиа, Нью-Дели, Анкара, Астана**мен немесе бұрынғы астаналар Константинополь, Петербург, Калькутта, Филадельфия, Рио-де-Жанейро, Боннмен қарама-қарсы қойып қарастыруға болады.

Астаналар экономикалық параметрлері жағынан да ерекшеленеді. Мемлекетінің әл-ауқаты жағынан Лондон, Токио және Вашингтон қалалары Могадисо, Мапуту және Дакки қалаларына қарама-қарсы деңгейде көрінеді. Мемлекеттік даму бойынша экономикалық жағынан елдерінен үстем **астаналар Монте-видео, Париж, Лондон, Копенгаген, Мехико** и Бангкок қалалары. Елдерінде екінші қала деңгейіндегі астаналар **Оттава, Бонн, Канберра, Анкара, Берн, Претория, Бразилиа**. Елордалық қалада елінің экономикалық іргетасы ретінде Лондон мен Токио танылады. Оттава мен Канберра үкіметті жұмыспен қамтамасыз ету қызметі бойынша жоғары деңгейді көрсетеді.

Елордалық қалалардың географиялық орналасуы да маңызды ерекшелікке жатады. Мысалы, Рим мен Мадрид мемлекеттің географиялық орталығында орналасқан астаналар. Берлин,

Москва, Пекин, Вашингтон қалалары географиялық шеткі аймақтарда орналасқан. Лондон, Вашингтон және Токио орталық транспорттық аймақта орналасқан астаналар.

Көп елдерде басты экономикалық немесе мәдени орта ретінде қызмет атқарып отырған саяси астаналардан бөлек бейресми астаналары да бар. Мысалы, Нью-Йорк, Шанхай, Калькутта, Бомбей, Стамбул, Милан, Майнадағы – Франкфурт, Торонто, Сан-Паулу және Рио-де-Жанейро, Йоханнесбург.

Әлемде екі астанасы бар бірнеше мемлекет бар. Мысалы, Америкада заңды түрде Вашингтон астана ретінде белгіленген, алайда Нью-Йорк американдықтар санасында, жалпы дүниежүзілік қауымдастық үшін де астана статусына лайық. Тағы бір мысал, Австралия. Елдің саяси астанасы Канберра, ал көпшіліктің қабылдауында Сидней. Олимпиадалық ойындардан кейін жершары адамдарының санасында Сидней астана ретінде қабылданып отыр.

Кей елдерде астана рөлін мемлекетте бірнеше қала атқарып отырады. Бұны көпастаналық деп атайды. Мысалы, нидерландыда Амстердам (ұлттық, конституциялық) және Гаага (бұл жерде үкімет, парламент, жоғарғы сот және королева орналасқан); Израильде Иерусалим (парламент және үкімет резиденциясы) және Тель-Авив (бұл жерде шет елдік елшіліктер мен министрліктер бар), Палестинада Газа мен Рамаллах (Иорданның батыс жағалауындағы және Газа бөлігіндегі астана); Танзанияда Додома (ресми) және Дар-эс-Салам (әкімшілік); Кот д'Ивуарда Ямусукро (парламент пен үкімет резиденциясы) және Абиджан (елшіліктер мен министрліктер бар); Шри-Ланкада Шри-Джаяварденепура-Котте (заң шығарушы) және Коломбо (әкімшілік); Малайзияда әкімшілік астанасы Паттраджая және заң шығарушы Куала-Лумпур; Свазилендте ресми астана Мбабане, корольдік және заң шығарушы Лобамба; Боливияда конституциялық және соттық астана Сукре және әкімшілік және заң шығарушы Ла-Пас; Чилиде ресми астана Сантьяго және заң шығарушы Валпараисо (бұл жерде Ұлттық конгресс отырысы өткізіледі); Бенинде ресми астана Порто-Ново, ал іс жүзінде Котону; Бутанде ресми астана Тхимпху, іс жүзінде – ескі астанасы Пунакха және тағы басқалары [19,46].

Германия мен ОАР-да үш астанадан бар. ОАР ресми астанасы Претория (Тшване), заң шығарушы билік – Кейптаунда, ал соттық – Блумфонтейн. Германияның саяси астанасы – Берлин, соттық – Карлсруэ, министрліктер пен

елшіліктердің көбі әлі күнге дейін ГФР бұрынғы астанасы Боннда орналасқан. Кейбір Науру (арал), Токелау және ниуэ сияқты мемлекеттерде астаналары болмаған [20].

Сонымен қатар елдің мәдени орталығына айналған астаналар да бар: Көптілді елдердің астаналары Оттава, Берн, Нью-Дели және бұрынғы Кеңес одағы үшін Мәскеу немесе біртүлді елдер астаналары Париж, тарихи діни орталық ретіндегі астаналар Рим, Иерусалим немесе зайырлы қалалар Вашингтон, Оттава, Бонн, Астана елінің басты мәдени орталығына айналып отыр.

Архитектуралық көрінісінде ежелгі дәуір мен қазіргі заманғы кезеңнің көрінісі бар көрікті жерлерге толы көптеген еуропалық астаналар туристік орталық болып саналады. Мысалға, Рим - Италияның астанасы мындаған жылдар бойы ұлылық пен құдіреттілікті жүзеге асырушы болып саналады.

Рим – әлемдік мәдениеттің қазынасы, католицизм жүрегі. Рим – елінің басты саяси, мәдени, маңызды экономикалық орталығы, әлемдегі ең көне және тарихи және мәдени ескерткіштерге бай қала, «мәңгілік қала» (б.э. III ғ) атағын алған. Рим шекарасында Ватикан бар. Ватикан - бірнеше ғасырлар бойы әлемдік католицизм орталығы болған, әйгілі Петр соборы, Рим Папасының иелігіндегі сарайлар орналасқан қала-мемлекет [21].

АҚШ-тың Нью-Йорк қаласы, Солтүстік Американың шығыс бөлігінде орналасқан, «әлем астанасы» (XIX ғ) атанған және АҚШ-тың бейресми астанасы. Бұл қала жер шарының қаржы және экономикалық орталығы болып есептелінеді. XX ғасырдың бірінші жартысында әлемдік өндірістік тауар мен байланыс орталығына айналды. БҰҰ-ның штаб-пәтерінің Нью-Йорк қаласында салынуы әлемдік деңгейдегі саяси маңыздылығын арттырды [22].

2020 жылғы жоспарға сәйкес мәдени қалалардың маңызды орталығы Шанхай қаласы – әлемдегі ең қарқынды дамып жатқан қалалардың бірі. Нью-Йоркпен салыстырмалы түрде алып қарайтын болсақ, мәдени секторлар әр аудандарды алып отыр. Мәдени саясаттың қала биілігінің қызметтерінің басқа аймақтармен біте қайнасуы маңызды. Мәдениетті алға тарту, эстетикалық дамуды және басқа да жағымды нәтижелерді береді. Мысалы, Богота мен Йоханнесбургте мәдениетті денсаулық сақтау және әлеуметтік дамудың бір бөлігі ретінде қарайды. Сонымен қатар қоғамның маргиналды қабатының өмірін жақсартудың кілті ретінде қарастырады. Ал

Сидней үшін аборигендер өмір сүретін жер мен қалалық мәдениетті біріктіру маңызды мақсаттардың бірі болып саналады. Амстердам мен Сингапур мәдениетті мектеп жасынан бастап білім жүйесінің маңызды бөлігі ретінде санайды. Париж мәдениеттің экономикалық дамудағы рөлін жоғары қояды. Ал Шанхай тез қарқынды жүріп отыратын экономикалық және әлеуметтік өзгерістер жағдайында әлеуметтік үйлесімділік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін қайнар көз ретінде көреді.

Әртүрлі мемлекеттер тарихында астаналардың ауысуы түрлі географиялық, саяси, әлеуметтік факторлардың ықпалымен жүрді.

Бразилиа архитектурасындағы мәдени мұра объектілеріне утопиялық пен әмбебаптылық тән. Бразилианың өмірге елді отарлық қанаудан азат етіп, экономикалық дамуда бәсеңдетеді. Архитектор Оскар нимейер Бразилиа архитектурасына әсем әрі ерекше сипат берді. Бразилиа құрылысы мақтанш, үміт символына айналды, бразилиялықтарды біріктірді, елдің күшін бар әлемге паш етті. Бразилиа – биоклиматтық жоба жасау бойынша бірінші тәжірибе. Он жылдың ішінде Бразилианы болашақ қаласы ретінде танытады [23].

Канберра – Австралиядағы ең ірі қала, мемлекет астанасы. Канберра дизайнының негізіне қала-бақ концепциясы алынды. Австралияның резиденциясы, парламент, Жоғарғы Сот, министрліктер мен агенстволар орналасқан әкімшілік орталық. Сонымен қатар мемлекеттік маңызы бар (Австралияның ұлттық галереясы мен Австралияның ұлттық мұражайы) қоғамдық және мәдени мекемелер бар. Канберраның архитектуралық бейнесі «Шынайы Табиғи Астана» жобасына сәйкес жасалған.

Қазақстанның елордасы Астана қаласы – Еуразия материгінің қақ ортасында орналасқан, Қазақстанның тәуелсіздік кезеңін білдіретін қазіргі заманғы қала. Жаңа астана Еуропа мен Азияны біріктіріп, Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасында сұхбаттастық алаңына айналып отыр. Астана қаласындағы барлық әлемдік сәулет еліміздің архитектуралық дәстүрімен сіңісіп кеткен. Әлемге аты жайылған Кисе Курокава мен Норман Фостер әлемдік архитектурадағы басты тенденцияларды анықтай отырып, экологиялық, технологиялық, интеллектуалдылық, кеңістікті еркін меңгерген қаланы өмірге әкелуде өз септігін тигізді.

Жоғарыда айтылған ел астаналарының (Бразилиа, Канберра, Астана) дамуында мәдениет,

экожүйе және ерекше архитектуралық стилдің дамуы экономикалық өсу мен әлеуметтік интеграция факторы ретінде жүзеге асырылып отыр. Мәдениет пен шығармашылық индустрия қаланың қайта жаңғыруы үшін қозғаушы күшке айналды.

Елордалық қалалар символикалық маңызы зор бай қала болуы керек. Өз мемлекетін әлемге таныстырар қасиеттерге ие болуы шарт [24].

Елорда – әлемдік капиталдардың және шетелдік мемлекеттердің күштерінің назар аудару ортасы, және сонымен қоса оларға қарсы тұрарлық национализм күші. Бұл жерде астананың парадоксын көреміз. Себебі астаналар жаһандану кезеңінде әр мемлекеттің өз ерекшеліктерін бейнелейді. Астананың басты міндетіне жергілікті және халықаралық қарама-қайшылық күштерді алшақтату да саналады. Энтони Кингтің айтуынша, «ең сәтті астана өз кеңістігінде ұлттық нақыш пен қазіргі заманғы жаһандық стилді үйлесімді байланыстырады» [25]. Көптеген қалалар секілді астаналар да әлемдік нарық, әлемдік мәдениет пен ақпараттардың ықпал етуіне ұшырап отырады. Сондықтан да астаналар жергілікті, территориалды қызығушылықтарды алға тарта отырып, ұлттық мәдениетті бірінші кезекке қойып отыр.

Еуропалық мәдениетте қаланың тарихи-мәдени құндылығы экономикадағы шикізат пен өндірістен тиімді қаржы көзі ретінде саналады. Ғалымдардың айтуынша индустриализация мен урбанизация үрдісіне енді аяқ басқан елдерде мегаполис феномені айқын орын алып отыр. Сондықтан оларда елді мекендер арасындағы дисбаланс жиі кездеседі.

Дүниежүзілік қалаларда мәдениет мемлекеттік саясаттың жүрегі ретінде қарастырылады. Барлық қалалар саясаткерлерінің ойынша қалалық билікте мәдениетті стратегиялық жағынан жүзеге асыру, орталық бөлік ретінде дамыту қажет. Дүниежүзілік қалалар дамуында мәдениет рөлі жоғары тұр. Нью-Йорк мәдениетті барлық аймақ шеңберінен жоғары стратегияның 2-ші номеріне қойып отыр. Шанхайда мәдениет – қаланы біріктірудің көзі. Токиода мәдениет елді болашаққа бастаушы құрал ретінде көрсетіледі. Кейбір қалаларда экономикалық стратегияны қолдаушы ретінде мәдениеттің рөлі басым. Лондон мен Парижде шығармашылық саласы экономикалық жағдайдағы түрлі қиындықтарды шешуде, сонымен қатар жаңа жұмыс орындарының өсуіне әсер етіп отыр. Мәдени шығармашылық қалалық регенерацияда маңызды құрал болып саналады.

Жаһандық дәуірде мәдениет әлемдік қалаларды жасап отыр. Бір елдің ішіндегі қалалар емес, қалалар әлемі бір-бірімен ірі көлемді халықаралық спорттық және мәдени шараларды өткізуге рұқсат алу үшін бәсекелесуде. Мәдениет пен экономикалық жетістік өзара тығыз байланыста қарастырылады. Лондон, Нью-Йорк және Париж мәдениеті жағынан жоғары деңгейдегі қалалар. Себебі, олар мәдениетке экономиканың маңызды бөлігі ретінде қарайды. Мәдениетке бай болу экономикалық жетістіктің қайнар көзі. **Қала білімді, шығармашыл адамдар үшін жасалған.** Жоғары білімі бар жұмыс күштері шығармашылық ортаны жасау арқылы елдің жағдайын жақсартып отырады. Бұл жағдай дамушы Шанхай, Стамбул қалаларында да байқалады.

АҚШ-ты алып қарайтын болсақ, федералды соттар, әскери басқармалар мен базалар, ақша сарайы және көптеген компаниялар өкілдігі елдің түрлі қалаларында орналастырылған. Германияда да осындай жағдай кең жайылған. Осындай жағдайлар орталықсыздандыру үлгісі дамыған елдерде көп кездесіп отыр. Бұндай елдерде негізгі шешімдер бір орталықта қабылданып, жүзеге асуы жергілікті жерлерде жүріп отырады. Экономикалық қызметтердің жахан-

дануы мен орталықсыздандыруына қарамастан елорда мемлекеттік, үкіметтік істердің орталығы ретінде қызмет атқарып отырады [26].

Тарихи-мәдени маңызы бар астана Петербургты І-ші Петр «Ресейдің мәдени астанасы» (1990 ж. тұжырымдамаға сәйкес) ретінде өмірге әкелді. Ресейдің бұрынғы астанасы Петербургтың өзіндік философиясы, тарихы және архитектуралық бейнесі бар қала. Тұрғындарының өмір сүру менталитеті де ерекше. Орыс мәдениетін әлемдік мәдениетке аяқ бастырған елордалық қала [27].

Қазақстан Астанасы туралы әртүрлі параметрлер бар. Астана қаласы басынан бастап тек әкімшілік орталық қана емес, Қазақстанның ғылыми әрі мәдени ортасы ретінде танылды. Астана – жоғары білімді адамдардың ортасы. Астана қаласында ұлттық мәдениет сақталып қана қоймай жаңа деңгейге өтті. Еліміздің бүгінгі мәдени көрінісін қалыптастырып отыр.

Қаланы әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастыру үшін қазіргі қалалар дамуындағы басты ерекшеліктерге назар аударылып отыр. Берілген мақалада елордалық қалалар мәдениетіне салыстырмалы талдау жасалып қоймай, астаналардың пайда болуы, атқаратын қызметтері құрылымдық ерекшеліктері, қарастырылады.

Әдебиеттер

- 1 <http://science.jrank.org/pages/8640/City-Cultural-Center-Cities-Difference-Globalization-in-Progress.html#ixzz3q4zSTXL8>
- 2 Зиммель Г. Большие города и духовная жизнь // Логос. 2002. – № 3-4 (34). – С. 1-12.
- 3 Stevenson, D 2003, Cities and urban cultures. Open University Press, Buckingham & Philadelphia.
- 4 Richard Florida, Cities and Creative Class. New York; Oxon: Routledge, 2005, 198p.
- 5 <http://www.worldcitiescultureforum.com/>
- 6 Анциферов Н. П., Анциферова Т. Н. Книга о городе. – Л.: Брокгауз-Ефрон, 1926-1927.
- 7 Сайко Э.В. Город как среда и как субстанция-субъект образующий индивида // Мир психологии и психология в мире. – 1995. – №4. – с.7-9.
- 8 Матарассо Ф., Лэндри Ч. Как удержать равновесие? Двадцать одна стратегическая дилемма культурной политики // Сб. материалов. – М.: Либерия, 2002.
- 9 Лотман Ю. М. Символика Петербурга и проблемы семиотики города: избранные статьи / Ю.М. Лотман Т. 2. – Таллин : Александра, 1992. – 480 с.
- 10 Скотт Кэмпбелл. Идентичность и меняющаяся роль столиц в эпоху глобализации. Логос №4 [94] 2013.
- 11 <http://www.greek.ru/news/>
- 12 Культурная столица Американского континента // <http://www.cac-acc.org/>
- 13 Rudan E. (2010). The development of cultural tourism in small historical towns, Tourism & Hospitality Management, Conference Proceedings, p.. 577 – 586.
- 14 Maciocco G., Serreli S. (2009). Enhancing the city, new perspectives for tourism and leisure, Editura Springer, London.
- 15 Law C. (2002). Urban tourism, second edition, Editura Continuum, Lond.
- 16 Briassoulis H., Straaten J. (2000), Tourism and the environment: regional, economic, cultural and policy issue, second edition, Editura Kluwer Academic Publishers, Dordr.
- 17 Chawla R. (2006), Tourism for urban development, Editura Sumit Enterprises, New D
- 18 Беркалиев Т.Н., Особенности компаративистики как науки и метод исследования деятельности библиотек. Библиосфера, 2009. – №1. – С.10-16.
- 19 Алимбекова Г.Т. Особенности многостолничности стран. Обретение Астаной столичного статуса: Сборник докладов Второй ежегодной международной конференции. – Астана: Елорда, 2009. 312 с.

- 20 Тархов С.А. Столицы. Журнал «География», 2007. – №3.
- 21 Вечный город Рим. Lozzi Roma. Roma, 1998.
- 22 <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 23 Лане гран Давид., Реальность Бразилиа // Проект классика - 2007. № XXI. http://www.projectclassica.ru/v_o/21_2007/21_2007_v_02a.htm
- 24 Milroy B. M. Commentary: *What is a Capital?* // *Capital Cities / Les Capitales*. p. 86.
- 25 King A. Op. cit. P. 276. Logos_4_2013.indb 93 15.10.13 2:36.
- 26 Markusen A., Hall P., Campbell S., Deitrick S. *The Rise of the Gunbelt: the Military Remapping of Industrial America*. Oxford; N.Y.: Oxford University Press, 1991.
- 27 Лихачев Д. С. Петровские реформы и развитие русской культуры // Избранные труды по русской и мировой культуре. СПб., 2006. 168 с.

References

- 1 <http://science.jrank.org/pages/8640/City-Cultural-Center-Cities-Difference-Globalization-in-Progress.html#ixzz3q4zSTXL8>
- 2 Zimmel G. Bol'shie goroda i dukhovnaya zhizn // Logos. 2002. № 3-4 (34). p. 1-12.
- 3 Stevenson, D 2003, Cities and urban cultures. Open University Press, Buckingham & Philadelphia.
- 4 Richard Florida, Cities and Creative Class. New York; Oxon: Routledge, 2005, 198p.
- 5 <http://www.worldcitiescultureforum.com/>
- 6 Anciferov N.P., Книга о городе. - L.: Brokgauz-Efron, 1926-1927.
- 7 Saiko E.V. Gorod kak sreda i kak substanciya-subekt obrazuyushii individa // Mir psikhologii I psikhologiya v mire.- 1995. №4. – p.7-9.
- 8 Matarosso F., Lendri Ch. Kak uderjat' ravновесие? // Sb. Materialov. M.: Libereya, 2002.
- 9 Lotman Yu.M. Simvolika Peterburga i problem semiotiki goroda: Izbrannye stat'i/ T. 2.- Tallin: Alexandra, 1992. - 480 p.
- 10 Scott Campbell. Identichnost' I menyayushayasya rol' stolic v epokhu globalizacii. Logos №4 [94] 2013.
- 11 <http://www.greek.ru/news/>
- 12 Kul'turnaya stolica Americanskogo kontinenta // <http://www.cac-acc.org/>
- 13 Rudan E. (2010). The development of cultural tourism in small historical towns, *Tourism & Hospitality Management, Conference Proceedings*, p. 577 – 586.
- 14 Maciocco G., Serreli S. (2009). *Enhancing the city, new perspectives for tourism and leisure*, Editura Springer, London.
- 15 Law C. (2002). *Urban tourism, second edition*, Editura Continuum, Lond.
- 16 Briassoulis H., Straaten J. (2000), *Tourism and the environment: regional, economic, cultural and policy issue, second edition*, Editura Kluwer Academic Publishers, Dordr.
- 17 Chawla R. (2006), *Tourism for urban development*, Editura Sumit Enterprises, New D
- 18 Berkaliyev T.N., Osobennosti komparativistiki kak nauki I metod issledovaniya deyatel'nosti bibliotek. *Bibliosfera*, 2009, №1 p.10-16.
- 19 Alimbekova G.G. Osobennosti mnogostolichnosti stran. Obretenie Astanoi stolichnogo statusa: Sbornik dokladov Vtoroi ejegodnoi mezhdunarpdnoi konferencii. Astana: Elorda, 2009. 312 p.
- 20 Tarkhov S.A. Stolicy. Journal «География», 2007, №3.
- 21 Vechnyi gorod Rim. Lozzi Roma. Roma, 1998.
- 22 <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 23 Lane gran David., Real'nost' Brazilia // Proect klassika - 2007. № XXI. http://www.projectclassica.ru/v_o/21_2007/21_2007_v_02a.htm
- 24 Milroy B. M. Commentary: *What is a Capital?* // *Capital Cities / Les Capitales*. p. 86.
- 25 King A. Op. cit. P. 276. Logos_4_2013.indb 93 15.10.13 2:36.
- 26 Markusen A., Hall P., Campbell S., Deitrick S. *The Rise of the Gunbelt: the Military Remapping of Industrial America*. Oxford; N.Y.: Oxford University Press, 1991.
- 27 Likhachev D.S. Petrovskie reform i razvitie russkoi kul'tury // Izbrannye Trudy po russkoi I mirovoi kul'ture. SPb., 2006. 168 p.